

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 2 наурыздағы N 162-II Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат):

22 - баптың 1 - тармағында:

бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Заң актілерінде көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға ақпарат беру коммерциялық құпияны жария ету болып табылмайды.";

екінші бөлігіндегі "өздерінің алдында тұрған міндеттерді орындау үшін" деген сөздер "заң актілерінде белгіленген өздерінің бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыру мақсатында" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат):

1) 192-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жекелеген мемлекеттік мекемелердің иелігіндегі мемлекеттік мүліктің құқықтық режимінің ерекшеліктері заң актілерімен белгіленеді.";

2) 206-баптың 1-тармағындағы "мекеменің" деген сөзден кейін ", егер заң актісінде өзгеше белгіленбесе," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 328-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

4) 331-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Екінші деңгейдегі банктер осы Кодекстің нормаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің көрсетілген операцияларды жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің лицензиялары негізінде банктік кепілдіктер мен кепіл болушылықты жүзеге асыра алады."

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат, 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2000 жылғы 22 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2000 жылғы 23 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының
З а ң ы " ;

2) кіріспе алып тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойынша "Жарлықты", "Жарлыққа", "Жарлығымен", "Жарлығын", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлықтың", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңды", "Заңға", "Заңымен", "Заңын", "Заңмен", "Заңда", "Заңның", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) 2-баптағы "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңын" деген сөздермен және 19-баптың алтыншы бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банктер және банк қызметі туралы" заң күші бар Жарлығында" деген сөздер "Банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 3-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын :

"Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын және жалпы штат санын бекітуі;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстанның Ұлттық Банкі туралы ережені бекітуі ; " ;

6) 6-баптың бірінші бөлігіндегі "заңды тұлға" деген сөздер "мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 8 - б а п т а :

в) тармақшасында "өкілдіктерін ашуға" деген сөздерден кейін "жеке және заңды тұлғалардың банктің және банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуіне," деген сөздермен толықтырылсын ;

е) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"қоса алғанда" деген сөздер алып тасталсын;

"өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

"қолданылып жүрген банк заңдарында" деген сөздер "заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы е-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"е-1) ерікті және еріксіз таратылатын банктердің тарату комиссиясының қызметіне бақылау жасайды";

к) тармақшасындағы "заңмен" деген сөз "заң актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

л) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"л) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, банктердің бухгалтерлік есебінің стандарттарын белгілейді";

мынадай мазмұндағы л-1) және л-2) тармақшаларымен толықтырылсын:

"л-1) уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде онымен келісе отырып, статистикалық есеп беру тізбесін, нысандарын, мерзімдерін белгілейді;

л-2) өзінің бақылау және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін заң актілеріне сәйкес банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ олардың аффилиирлендірілген тұлғаларының қаржылық есебінің тізбесін, халықаралық стандартқа сай келетін нысандарын, ұсыну мерзімдерін белгілейді";

с) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"с) ақшаны клиенттің банктік шотына қате есептелгені анықталған кезде оны алып қоюға құқығы бар, банктік шоттан ақшаны алуға оның келісімін растайтын құжаттар бар болса, клиенттің банктік шотын дебеттеуге құқылы";

у-1) тармақшасындағы ", сондай-ақ ломбардтардың тұрған жерінен тыс жерде ломбардтар ашатын қабылдау пункттерін" деген сөздер алып тасталсын;

8) 1 0 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "Бағалы қағаздарды" деген сөздер "Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар түріндегі бағалы қағаздарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің шығыстары есебінен күмәнді және сенімсіз талаптары бойынша кредиттерді, депозиттерді, бағалы қағаздарды, есеп айырысу кезіндегі шығындарды, шоттардағы қалдықтарды және аяқталмаған құрылыс көлемін, Қазақстан Ұлттық Банкінің монетарлық емес қызметі жөніндегі өзге де талаптары мен әлеуметтік сипаттағы төлемдерді қамтитын басқа да активтерді қоса - арнайы провизиялар (резервтер), ал бөлінбеген таза табыс есебінен - банк активтері бойынша жалпы провизиялар (резервтер) құралады.";

9) 1 1 - б а п т а :

бірінші бөлігі "шығыстары" деген сөзден кейін (алтын-валюта активтерін қайта

бағалау есебіне жатқызылатын жұмсалған кірістің пайда болған сомасын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлігі "Қазақстан Ұлттық Банкінің" деген сөздерден кейін "банк активтері бойынша құрылған жалпы провизиялар (резервтер) сомасына азайтылған" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 15 - бапта :

е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"е) ломбардтарға, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті ұйымдарға берілетін лицензияларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиялар беру, олардың қолданылуын тоқтата тұру және қайтарып алу, банк заңдарында көзделген өзге де санкцияларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;"

мынадай мазмұндағы е-3) тармақшасымен толықтырылсын:

"е-3) банктің және (немесе) банк холдингінің ірі қатысушысының акцияларын Қазақстан Ұлттық Банкінің сенімгерлікпен басқаруына беру туралы, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен банктер кредиторларының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында және капитал мөлшері теріс екінші деңгейдегі банктердің акцияларын жаңа инвесторларға кейін міндетті түрде тез арада өткізу шарттарымен мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімдер қабылдауға;"

к) тармақшасында "Президенттің" деген сөз "Қазақстан Республикасы Президентінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы к-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"к-1) Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын, жалпы штат санын және Қазақстанның Ұлттық Банкі туралы ережені қарау, мақұлдау және Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсыну;"

м) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"м) Қазақстан Ұлттық Банкінің өзінің жарғылық және резервтік капиталын қалыптастыру, Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі қаражатын және өзге де мүлкін, бюджетін (шығыстар сметасын) пайдалану тәртібі туралы, ақылы қызметтер көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін бекіту, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі департаментінің директорларын, филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының басшыларын бекіту;"

11) 56-баптың д) тармақшасындағы "бухгалтерлік есеп жүргізу," деген сөздер алып тасталсын;

12) 57 - бапта :

жетінші абзацындағы "металдарға, асыл тастар" деген сөздер "металдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

" - ең төменгі деңгейін Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын кредиттік рейтинг бар эмитенттер шығарған бағалы қағаздарды сатып алуға, сатуға немесе олармен операциялар жүргізуге;

- ақша рыногының банкаралық депозиттер, репо және кері репо, депозиттік сертификаттар, коммерциялық қағаздар және ең төменгі деңгейін Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын кредиттік рейтингі бар эмитенттер шығарған басқа да борыштық міндеттемелер сияқты құралдарымен операцияларды жүзеге асыруға;

- форвард операциялары, своп операциялары және кредиттік рейтингін Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын деңгейден төмен емес қарсы әріптестермен опцион операциялары сияқты туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыруға;

- Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша басқа да операцияларды жүзеге асыруға құқылы.";

13) 62 - бапта:

екінші бөлікте:

бесінші абзацта:

"банктерге қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген басқа да санкциялар" деген сөздер "олардың ірі қатысушыларына және банк холдингтеріне қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген мәжбүр ету шараларын және санкцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

" - ірі қатысушылар мен банк холдингтерін анықтау мақсатында банктердің тікелей немесе жанама қатысушыларының құрылтай құжаттарын, заң актілерінде көзделген жағдайларда банктің аффилиирлендірілген тұлғаларының қаржылық есептері мен өзге де ақпаратын беруді талап етуге;

- заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен азаматтардан өзінің бақылау және қадағалау қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер алуға құқылы.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер банктердің аффилиирлендірілген тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан реттелуге және қадағалануға тиіс болған жағдайда, Қазақстан Ұлттық Банкі және уәкілетті мемлекеттік органдар оларды реттеу және қадағалау туралы, оның ішінде олардың өзара ақпараттар алмасуы бөлігінде келісім жасауға тиіс.";

14) 63-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі пруденциалдық нормативтерді белгілейді, оның ішінде банк топтары үшін шоғырландырылған негізде белгілейді.";

15) 64 - бапта:

екінші бөліктің төртінші абзацында:

өзгерістің қазақша мәтінге қатысы жоқ;

"рұқсаты" деген сөзден кейін "және (немесе) банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясы" деген сөздер жазылып, "және (немесе) банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясы жойылса" деген сөздер алып тасталсын;

16) 72-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Заңды және жеке тұлғаларға өзінің бақылау және қадағалау қызметіне байланысты заңсыз іс-әрекетімен немесе әрекетсіздігімен зиян келтірілгені үшін Ұлттық Банк және оның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген жауаптылықта болады."

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар):

5-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, бақылау және қадағалау міндеттері жүктелген мемлекеттік органдарға олардың сұратуы бойынша ақпарат беруді жүзеге асырады."

5. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат, N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9; 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат):

11-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "банк қызметін аудиторлық тексеру" деген сөздер "банк қызметіне аудит" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат, 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан

2) к і р і с п е а л ы п т а с т а л с ы н ;

3) бүкіл мәтін бойынша "Жарлыққа", "Жарлығымен", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлықтың", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңға", "Заңымен", "Заңмен", "Заңда", "Заңның", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі органдарында (бұдан әрі - Әділет министрлігінің органдары)" деген сөздер "әділет органдарында (тіркеуші органдарда) (бұдан әрі - әділет органдары)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) 2-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "Депозит" деген сөз "Салым (депозит)" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 3 - б а п т а :

2-тармағының екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңымен" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4 - т а р м а ғ ы а л ы п т а с т а л с ы н ;

7) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

б) тармақшасындағы "банкiлердi аудиторлық тексерудi" және в) тармақшасындағы "банкiлерге аудиторлық тексеру" деген сөздер "банк қызметiне аудиттi" және "банк қызметiне аудит" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 7-баптың 2-тармағының бiрiншi бөлiгi алып тасталсын;

9) 11-баптың 3-тармағындағы "мен өкiлдiктерi" деген сөздер ", өкiлдiктерi және есеп айырысу-касса бөлiмдерi (жинақ кассалары)" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) Мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Банктердiң еншiлес ұйымдары

1. Онда банк тура (тiкелей) немесе жанама түрде (басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы) дауыс беретiн акциялардың елу процентiнен астамын иеленетiн немесе сонша акциямен (қатысу үлесiмен) дауыс беру мүмкiндiгi бар немесе олардың арасында жасалған шартқа сәйкес (не өзгеше түрде) осы заңды тұлға қабылдайтын шешiмдердi банктiң айқындауға мүмкiндiгi болатын заңды тұлға банктiң еншiлес ұйымы болып табылады.

2. Банк осы Заңның 8-бабында өзiне берiлген өкiлеттiктердi жүзге асыру мақсатында Ұлттық Банктiң рұқсаты болса ғана еншiлес ұйым құра алады немесе ұстай а л а д ы .

Рұқсат беру тәртiбi мен ерекшелiктерi Ұлттық Банктiң нормативтiк құқықтық актiлерiнде белгiленедi.

3. Рұқсат алуға берiлген өтiнiшке мынадай құжаттарды қоса тiркеу қажет:

1) еншiлес ұйымның құрылтай құжаттары, жарғының бекiтiлгенi туралы хаттамалар

2) еншілес ұйымның басшы қызметкерлері туралы ақпарат;

3) еншілес ұйымның ұйымдық құрылымы;

4) бизнес-жоспармен қоса, еншілес ұйым қызметінің түрі немесе түрлері туралы а қ п а р а т ;

5) аудиторлық ұйымның заңды тұлғада өткізілген аудит туралы қорытындысы және аудиторлық ұйым куәландырған қаржылық есеп;

6) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген рұқсатты беру туралы шешім қабылдауға қажетті өзге де ақпарат немесе құжаттар.

4. Рұқсат беруден бас тартуға мыналар:
рұқсат алуға қажетті құжаттардың берілмеуі;

еншілес ұйымның басшы қызметкерлерінің (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылған кандидаттардың) осы Заңның 20-бабы 3-тармағының а) және в) тармақшаларының талаптарына сай келмеуі;

еншілес ұйымдардың болжамды болу нәтижесінде шоғырландырылған негізде пруденциалдық нормативтерді және банктер сақтауға міндетті Ұлттық Банк белгілеген басқа да нормалар мен лимиттерді банктің сақтамауы;

еншілес ұйым қызметінің немесе банк жоспарлаған инвестициялар салдарынан банктің қаржылық жағдайының болжамды нашарлауы және (немесе) банк салымшыларының мүдделеріне нұқсан келтірілуі негіздемелер болып табылады.

5. Ұлттық Банк өтініш берілгеннен кейін үш ай ішінде рұқсат беруге немесе рұқсат беруден бас тартуға міндетті.

Рұқсат беруден бас тартқан жағдайда Ұлттық Банк бас тартудың негіздемелері туралы өтініш иесіне жазбаша хабарлауға міндетті.

6. Банктің еншілес ұйымы құрылтай құжаттарына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы Ұлттық Банкке хабарлап отыруға міндетті.

7. Ұлттық Банктің рұқсатын алмаған жағдайда банк еншілес ұйымның өзіне тиесілі акцияларын (қатысу үлестерін) үш ай мерзім ішінде осы банкпен ерекше қарым-қатынасы жоқ тұлғаларға беруге не еншілес ұйым қабылдайтын шешімдерді айқындау мүмкіндігінен бас тартып, оны растайтын құжаттарды Ұлттық Банкке табыс е т у г е м і н д е т т і . " ;

11) 12-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

12) 15-баптың 3-тармағындағы "Мемлекеттік банктерден басқа" деген сөздер алып тасталып, "банктердің" деген сөз бас әріппен жазылсын;

13) 16 - б а п т а :

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктің жарғылық капиталы акцияларды сату не құрылтайшылардың жарналары есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.";

3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банктің құрылтайшылары мен қатысушылары - заңды тұлғалар жарғылық

капиталға ақша қосады, банк акцияларын акцияларға орналастырған активтерді және басқа тұлғалардың, инвестициялық және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда, жарғылық капиталдағы қатысу үлесін шегере отырып, құрылтайшылардың (қатысушылардың) өз капиталы шегінде төлейді.

Банктің құрылтайшылары мен қатысушылары - жеке тұлғалар жарғылық капиталға ақша қосуға, салық заңдарының табыстары мен мүлік туралы декларация беру бөлігінде белгіленген талаптарын ескере отырып, банк акцияларын төлеуге құқылы.";

6 - тармақ алып тасталсын;

14) 17 - бапта :

3 - тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе оффшорлық аймақтарда тіркелген аффилиирлендірілген тұлғалары бар заңды тұлғалар, немесе Ұлттық Банк тізбесін белгілейтін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың қатысушылары (құрылтайшылары, акционерлері) болып табылатын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының резидент-банктерінің тікелей немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды.

Аталған шектеу Ұлттық Банк тізбесін белгілейтін рейтинг агенттіктерінің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі бар банктерге қолданылмайды.";

6-тармағындағы "бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Банктің жарғылық капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысатын тұлғалар Ұлттық Банктің талап етуі бойынша банктің ірі қатысушыларын айқындау үшін құрылтай құжаттарын және басқа да қажетті ақпарат беруге міндетті.";

15) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Банктердің аффилиирлендірілген тұлғалары

1. Мынадай тұлғалар, егер:

ол банктің ірі қатысушысы болса;

банк осы тұлғаның ірі қатысушысы болса;

осы тұлғаның ірі қатысушысы банктің ірі қатысушысы болса, банктің аффилиирлендірілген тұлғалары болып танылады.

2. Бірде-бір тұлға Ұлттық Банктің келісімінсіз дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп, банктің ірі қатысушысы бола алмайды. Ірі қатысушы мәртебесін алуға келісім беру тәртібі Ұлттық банктің нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

Банктің ірі қатысушысы болғысы келетін тұлға келісім алу үшін Ұлттық Банкке банктің ірі қатысушысы мәртебесін алу туралы өтініммен қоса мынадай құжаттар мен мәліметтерді :

жоғары органның өтініш берушіге осы банктің ірі қатысушысы мәртебесін алуға

келісім беру туралы шешімінің көшірмесін;
банк акцияларын сатып алу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді, оған қоса;
растайтын құжаттардың көшірмелерін тіркей отырып, сатып алуға жұмсалатын
ақша көздерінің сипаттамасы мен сомасын;
өтініш берушінің мүддесін білдіру тапсырылған өтініш берушінің өкілі туралы
мәліметтерді ;

сонымен қатар жеке адамдар үшін:

Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша,
өтініш беруші туралы қысқаша деректерді, соның ішінде еңбек қызметі туралы,
сондай-ақ сотты болғаны туралы, банк қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін
әкімшілік жауапқа тартылғаны туралы мәліметтерді;
заңды тұлғалар үшін :

құрылтай құжаттарын, өтініш берушінің ірі қатысушылары туралы қысқаша
деректерді ;

Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша
өтініш берушінің басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректерді, соның ішінде
білімі, еңбек қызметі туралы, сондай-ақ сотты болғаны туралы, банк қызметіне
байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылғаны туралы мәліметтерді;

өткен соңғы екі қаржы жылының аудиторлық ұйым куәландырған жылдық
қаржылық есебі, сондай-ақ ірі қатысушы мәртебесін алуға келісім беру туралы шешім
қабылдар алдында өткен соңғы тоқсанның қаржылық есебін;

ірі қатысушы мәртебесін алу нәтижесінің қаржылық болжамын, оған қоса өтініш
берушінің мәртебе алғаннан кейінгі ықтимал есеп айырысу балансы, егер бар болса,
өтініш берушінің банк активтерін сату, банктің басқа заңды тұлғамен қосылуы немесе
банк қызметіне немесе оны басқаруға айтарлықтай өзгерістер енгізу жөніндегі
жоспарлары мен ұсыныстарын (оған қоса бизнес-жоспарын және ұйымдық құрылымды
) беруге тиіс .

3. Банктің ірі қатысушысы - банктің дауыс беруші акцияларының он немесе одан да
көп процентін тікелей немесе жанама иеленетін немесе:

банктің дауыс беруші акцияларының он немесе одан да көп процентімен тікелей
немесе жанама дауыс беру ;

шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде банк қабылдайтын шешімдерге ықпал жасай
алу мүмкіндігі бар Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес-жеке
немесе заңды тұлға .

4. Жиынтығында банк акцияларының он немесе одан да көп процентін иеленетін
немесе сонша акциямен тікелей немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар және:

1) өздерінің арасында жасалған шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде банктің
шешіміне бірлесіп ықпал ететін ;

2) жеке алғанда немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушылары болып табылатын ;

3) олардың бірі лауазымды тұлға немесе басқа тұлғаның өкілі болып табылатын;
4) олардың бірі екіншісіне банк акцияларын сатып алу үшін заем берген;
5) олар жақын туыстар болып келетін тұлғалар бірлесіп банктің ірі қатысушылары болып табылатын тұлғалар деп танылады.

5. Банктің ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім беруден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

Осы Заңның 20-бабы 2-тармағы б), в) тармақшаларының және 3-тармағы а), в) тармақшаларының талаптарын сақтамау (жеке адамға немесе өтініш беруші-заңды тұлғаның басшы қызметкерлеріне қатысты);

өтініш берушінің қаржылық жағдайының тұрақсыздығы;
Ұлттық Банк талап еткен құжаттарды бермеу;
өтініш берушінің банктің ірі қатысушысы мәртебесін алуы нәтижесінде монополияға қарсы заңдардың талаптарының бұзылуы;

банктің ірі қатысушысы мәртебесін алу жөніндегі мәміледе тараптардың бірі оффшорлық аймақта тіркелген тұлға (оның аффилиирлендірілген тұлғасы) немесе Ұлттық Банк тізбесін белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың қатысушысы (құрылтайшысы, акционері) болып табылатын жеке тұлға болатын реттер;

өтініш беруші өзі тұрған елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын шетелдік банк болып табылатын реттер;

өтініш берушінің банктердің құрылтайшылары мен акционерлеріне қойылатын осы Заңда белгіленген өзге де талаптарды сақтамауы.

6. Мыналардың бірі:

өтініш беруші заңды тұлға өтініш берген күнге дейін екі жылға жетпейтін уақытта құрылса;

өтініш берушінің міндеттемелері өз активтерінен асып кетуі;
соңғы екі қаржы жылының нәтижелері бойынша залал шегуі;
өтініш беруші міндеттемелерінің мөлшері банктің қаржылық жағдайына айтарлықтай қауіп төндіруі;

өтініш берушінің банк алдындағы мерзімі өткен және (немесе) банк балансына жатқызылған берешегінің болуы;

банкке және (немесе) оның депозиторларына залал келтіру мүмкіндігін дәлелдейтін өзге де негіздердің болуы өтініш берушінің қаржылық жағдайының тұрақсыздық белгілері болып табылады.

7. Тұлға ірі қатысушы мәртебесіне келісім алмаған жағдайда Ұлттық Банк бұл тұлғаға осы Заңның 47-1-бабында көзделген мәжбүр ету шараларын қолдануға құқылы.

8. Банк холдингі - банктің дауыс беруші акцияларының жиырма бес немесе одан да көп процентін тікелей немесе жанама иеленетін немесе:

банктің дауыс беруші акцияларының жиырма бес немесе одан да көп процентімен тікелей немесе жанама дауыс беруге; шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде банк қабылдайтын шешімдерді айқындауға мүмкіндігі бар Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес-заңды тұлға.

Банк холдингі мәртебесін иелену банктің ірі қатысушылары үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Жиынтығында банк акцияларының жиырма бес немесе одан да көп процентін иеленетін немесе сонша акциямен тікелей немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар және:

1) өздерінің арасында жасалған шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде банктің шешіміне бірлесіп ықпал ететін;

2) жеке алғанда немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушылары болып табылатын;

3) олардың бірі лауазымды адам немесе басқа тұлғаның өкілі болып табылатын;

4) олардың бірі екіншісіне банк акцияларын сатып алу үшін заем берген;

5) олар жақын туыстар болып келетін тұлғалар бірлесіп банк холдингі болып табылатын тұлғалар деп танылады.

10. Банк тобы банктен және банк қатысушысы болып табылатын ұйымдардан тұрады";

16) 19-баптың 4-тармағының үшінші абзацындағы "банкiге аудиторлық тексеру" деген сөздер "банк қызметінің аудитін" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 20 - бапта:

1 - тармағында:

"Басқарманың төрағасы мен оның орынбасарлары" деген сөздер "Басқарманың төрағасы мен мүшелері, банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) оларға бақылауды жүзеге асыратын және банк операцияларын жүргізгенде негізге алынатын құжаттарға қол қою құқығы бар банктің өзге де басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармағындағы "бухгалтерінің жұмыстың кәсіби бағдарына сай жоғары немесе" деген сөздер "бухгалтерінің жоғары немесе кәсіби бағдарына сай" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 21 - бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Ұлттық Банк банк қатысушыларының (құрылтайшыларының, акционерлерінің) осы бапта белгіленген талаптарды сақтауын бақылау мақсатында, банкпен аффилиирлендірілген тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары мен қаржылық есептерін беруін талап етуге, сондай-ақ мемлекеттік органдардан қажетті мәліметтер сұратуға құқылы.";

2 - т а р м а қ т а :

"Банктің құрылтайшысы болып табылатын, банкке бақылау жасау құқығын беруді өтінуші" деген сөздер "Ірі қатысушы немесе банк холдингі мәртебесін алу туралы өтінім жасаушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы в) тармақшасымен толықтырылсын:

"в) банктің ірі қатысушыларын және банк холдингтерін айқындау үшін қажетті, Қазақстан Республикасының резиденті еместерінің қатысуымен банк құру және оның қызметі мәселесі жөніндегі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген басқа да құжаттар";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан да көп процентін иеленуші Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғалары Қазақстан Республикасының резидент-банкінің жарғылық капиталына осы қатысуы тиісті мемлекеттің заңдарына қайшы келмейтіндігі туралы өз мемлекетінің уәкілетті органының тиісті хабарламасын ұсынады.";

19) 22-баптың 1-тармағында:

а) тармақшасындағы "тіркелген" деген сөз "жарияланған" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы г) тармақшасымен толықтырылсын:

"г) шетел қатысқан банктердің барлық қызметкерлерінің кем дегенде жетпіс проценті Қазақстан Республикасының азаматтары болуға тиіс.";

20) 25-баптағы "министрлігінің" деген сөз алып тасталсын;

21) 26-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк лицензия берген кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктердің жүзеге асыруына рұқсат берілген операциялардың атауларын нақтылауға құқылы.";

22) 28-баптың 1-тармағындағы және 29-баптың 8-тармағының үшінші бөлігіндегі "министрлігінің" деген сөз алып тасталсын;

23) 30-бапта:

2-тармағының бірінші бөлігінде:

ж) тармақшасындағы "несие беру" деген сөздер "заем" деген сөзбен ауыстырылсын;

л) тармақшасындағы "клиенттердің" деген сөзден кейін "құжаттамалық нысанда шығарылған" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы у), ф) және х) тармақшалармен толықтырылсын:

у) аккредитивті ашу (ұсыну) мен растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау

;

ф) ақша түрінде орындалуды көздейтін банк кепілдіктерін беру;

х) үшінші тұлғалар үшін ақша түрінде орындауды көздейтін банктік кепіл

болушылықтар мен өзге де міндеттемелер беру.";

3 - т а р м а қ т а :

"банктер" деген сөзден кейін "және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

г) және г-1) тармақшалары алып тасталсын;

д) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"д) лизинг қызметін жүзеге асыру;"

5-тармақта "банктік болып табылмайтын" деген сөздер алып тасталсын;

2 4) 3 4 - б а п т а :

тақырыбындағы және мәтініндегі "несие" деген сөз "заем" деген сөзбен ауыстырылсын ;

1-тармақ "банктің" деген сөзден кейін "немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2 5) 4 0 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзац "мәміле жасай қоймайтын" деген сөздерден кейін ", банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен немесе оның мүддесіне" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банк өзімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға қамтамасыз етусіз заемдар (бланктік заемдар) бере алмайды.";

3-тармақтың б) тармақшасындағы "акционері" деген сөз "қатысушысы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Банк қандай да бір тұлғамен оған:

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға алдындағы міндеттемені төлеуге ;

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғадан қандай да бір мүлікті сатып алуға ;

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға эмитациялаған бағалы қағаздарды сатып алуға мүмкіндік беру мақсатымен мәміле жасай алмайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен мәміле жасау осы баптың 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, банктің директорлар кеңесінің шешімі бойынша (жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша) ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Банктің басшы қызметкері банк пен:

олардың өздерінің ;

өзінің кез келген жақын туысының ;

өзі немесе өзінің жақын туыстарының бірі лауазымды адамы немесе ірі қатысушысы болып табылатын кез келген заңды тұлғамен арадағы кез келген мәмілені қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға қатыспауы тиіс.

Банк және банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға арасындағы кез келген мәміле бойынша директорлар кеңесінің шешімі оның барлық шарттарын директорлар кеңесі қарағаннан кейін ғана қабылдануы мүмкін.";

Мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Банк Ұлттық Банкке өзімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған барлық мәмілелер туралы Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысандар бойынша ақпарат беруге міндетті.";

26) 41-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктердің қызметін реттеу жекелеген банктерге қатысты да, шоғырландырылған негізде де, яғни банк тобына қатысты да жүзеге асырылады. Шоғырландырылған қадағалау ережелерін Ұлттық Банк белгілейді.";

2 7) 4 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктер тобы міндетті түрде сақтау үшін Ұлттық Банк белгілейтін пруденциалдық нормативтердің құрамына:

жарғылық капиталдың ең аз мөлшері;

өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті;

бір қарыз алушыға жасалатын тәуекелдің ең көп мөлшері енеді.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық Банк банк заңдарына сәйкес банктерді және (немесе) банк холдингтерін не олардың лауазымды адамдарын пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді банктің бұзғаны үшін жауапқа тарту жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н а д ы " ;

3-тармақ "банк" деген сөзден кейін "және банк тобы" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Банк Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициентін бұзған жағдайда, банк Ұлттық Банкке қайта капиталдандыру жоспарын жіберуі тиіс. Жоспарды бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шараларды және олардың мерзімін егжей-тегжейлі көрсете отырып, өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициентін бұзған күннен бастап бір айдың ішінде ұсыну қажет.

5. Банк холдингтері Ұлттық Банктің банк тобының өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициенттерін қолдау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ш а р а л а р д ы қ о л д а н у ғ а т и і с . " ;

2 8) 4 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк банктердің қызметіне инспекция жүргізу кезінде банктердің аффилиирлендірілген тұлғаларының қызметін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың банктер қызметіне ықпал ету дәрежесі мен сипатын айқындау мақсатында ғана тексеруге құқылы.";

2-тармақ "банктер" деген сөзден кейін ", сондай-ақ олардың аффилиирлендірілген тұлғалары" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 46-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Осы бапта келтірілген шаралар, егер Ұлттық Банк осы тұлғалардың, оның лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің жолсыздықтары, заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі банктің қаржылық жағдайын нашарлатқанын анықтаса, банктің аффилиирлендірілген тұлғаларына қатысты да қолданылуы мүмкін.";

3 0) 4 7 - б а п т а :

мәтіндегі "оның күшін жоюға", "лицензиялардың күшін жою", "лицензиясының (лицензияларының) күшін жою", "лицензияның күшін жою", "лицензиясының (лицензияларының) күшін жойғаннан", "лицензияның күші жойылғаннан" деген сөздер тиісінше "оны қайтарып алуға", "лицензияларды қайтарып алу", "лицензиясын (лицензияларын) қайтарып алу", "лицензияны қайтарып алу", "лицензиясын (лицензияларын) қайтарып алғаннан", "лицензия қайтарып алынғаннан" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

е) тармақшасындағы "төраға мен Байқаушы кеңестің мүшелерінен басқа," деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы ж) және з) тармақшаларымен толықтырылсын:

"ж) банкті салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жүйесінен шығару туралы салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жөніндегі ұйымға қойылатын талап;

з) банктің және (немесе) банк тобының өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициенттерінің мәндері Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарымен белгіленген нормативтерден елу проценттен аз деңгейге дейін төмендеген жағдайда, банк осы Заңның 60-бабы және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен кредиттік серіктестік болып қайта қ ұ р ы л у ғ а м і н д е т т і .

Банк осы тармақшаның бірінші абзацында айтылған құқықтан бас тартқан немесе осы Заңның 61-бабында көрсетілген негіздер бойынша банктің кредиттік серіктестік болып қайта құрылуына рұқсат беруден бас тартылған жағдайда, Ұлттық Банк банк акцияларын осы Заңның 47-1-бабының 3-тармағына сәйкес, ол (олар) осы Заң талаптарын сақтаған жағдайда, кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға) иеліктен шығарып беру үшін банк акцияларын Ұлттық Банктің сенімгерлікпен басқаруына беру жөнінде банк акционерлерімен шарт жасасу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлер акцияларын сенімгерлікпен басқаруға беруден бас тартқан жағдайда Ұлттық Банк шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.";

7-тармақтың бірінші бөлігіндегі "10 күн мерзім ішінде" деген сөздер "он жұмыс күні ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын";

31) мынадай мазмұндағы 47-1-баппен толықтырылсын:

"47-1-бап. Банктердің аффилиирлендірілген тұлғаларына қатысты қолданылатын мәжбүрлеу шаралары

1. Ұлттық Банк банктің ірі қатысушыларына және банк холдингтеріне мынадай жағдайларда :

ірі қатысушы және банк холдингі мәртебесіне ие болуға Ұлттық Банктің келісімін алмаса ;

банктің ірі қатысушысы және банк холдингі мәртебесіне ие болғаннан кейін осы Заңның 17-1-бабының 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар пайда болса;

осы Заңның 46-бабына сәйкес Ұлттық Банктің жазбаша нұсқамаларын орындамаса, мәжбүр ету шараларын қолдануға құқылы.

Сондай-ақ осы Заңның 42-бабы 5-тармағының талаптарын орындамауға әкеп соқтырған әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін де Ұлттық Банк банк холдингтеріне мәжбүр ету шараларын қолдануға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар болған ретте, Ұлттық Банк: ірі қатысушыдан оның банктегі тікелей немесе жанама иелену үлесін дауыс беруші акциялардың он процентінен төмен деңгейге дейін азайтуды не банк қызметін басқаруға тікелей немесе жанама қатысудан, оның ішінде дауыс беруді жүзеге асыру құқығын жүзеге асырудан бас тартуды талап етуге;

банк холдингінен оның банктегі тікелей немесе жанама иелену үлесін дауыс беруші акциялардың жиырма бес процентінен төмен деңгейге дейін азайтуды не банк қызметін басқаруға тікелей немесе жанама қатысудан, оның ішінде дауыс беруді жүзеге асыру құқығынан бас тартуды талап етуге және банкті тәуекелдікке душар еткізетін банк холдингі мен банк арасындағы операцияларды (тікелей және жанама) жүзеге асыруды тоқтата тұруға ;

банктен банк немесе банк холдингі қатысушы болып табылатын ұйымға қатысты ұйым мен банк арасындағы банкті тәуекелдікке душар еткізетін операцияларды (тікелей және жанама) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге құқылы.

3. Банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 57-бабының 6-тармағында көзделген талаптарды Ұлттық Банк белгілеген мерзім ішінде орындамаған жағдайда, Ұлттық Банк банктің ірі қатысушысының және (немесе) банк холдингінің акцияларын, Ұлттық Банктің банкті басқаруға қатысатын сенімгерлікпен басқарушы ретіндегі құқығымен үш айға дейінгі мерзімге Ұлттық Банктің сенімгерлікпен басқаруына беру жөнінде банк акционерлерімен шарт жасасу туралы шешім қабылдауға құқылы, ал сенімгерлікпен

басқаруға беруге негіз болған себептерді жоймаған жағдайда, осы акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізу арқылы осы тұлғалардың акцияларын иеліктен шығаруға құқылы, бұл орайда акцияларды сатудан түскен ақша акциялары Ұлттық Банктің сенімгерлікпен басқаруына берілген тұлғаларға аударылады .

Акционерлер акцияларды сенімгерлікпен басқаруға беруден бас тартқан жағдайда Ұлттық Банк шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады. "

3 2) 4 8 - б а п т а :

атауындағы және мәтініндегі "оның күшін жою", "оның күшін жояды" деген сөздер "оны қайтарып алу", "оны қайтарып алады" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

а) тармақшасындағы "6-тармағының" деген сөздер "2 және 6-тармақтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

з) тармақшасы "бұзу" деген сөздің алдынан "үнемі (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде үш және одан көп рет)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы м), н) және о) тармақшаларымен толықтырылсын:

"м) банкпен аффилиирлендірілген тұлғалар туралы ақпаратты, сондай-ақ Ұлттық Банк талап еткен өзге де ақпаратты бермеу не анық емес ақпарат беру, бұл Ұлттық Банктің банктердің қызметіне, оның ішінде шоғырландырылған негізде қадағалау жасауына кедергі келтіруге себеп болса;

н) банктің инспекция жүргізуге бірнеше рет (инспекция жүргізу барысында екі және одан көп рет) кедергі жасауы, соның салдарынан оны белгіленген мерзімде жүргізудің мүмкін болмауы;

о) аудиторлық ұйымның жүргізілген аудит жөніндегі есебінде көрсетілген бұзушылықтарды банктің осы Заңның 57-бабының 6-тармағында көрсетілген мерзімде әдейі жоймауы. "

3 3) 4 8 - 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"лицензиясының күші жойылған" деген сөздер "лицензиясы қайтарылып алынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Банк операцияларының" деген сөздердің алдынан "Барлық" деген сөзбен толықтырылып, одан кейінгі "Банк" деген сөз кіші әріппен жазылсын;

5-тармағының екінші бөлігіндегі "Лицензиясының күші жойылған" деген сөздер "Лицензиясы қайтарылып алынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 4) 5 2 - б а п т а :

мәтініндегі "ұжымдық кепілдік беру", "ұжымдық кепілдік беруді" деген сөздер "міндетті ұжымдық кепілдік беру", "міндетті ұжымдық кепілдік беруді" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктегі "лицензиялау" деген сөз алып тасталсын;

3 5) 5 4 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бухгалтерлік, банктік және шоғырландырылған негізде есеп беруді қоса алғандағы өзге де есептің халықаралық стандарттарға сай келетін тізбесін, нысандарын, табыс етілу мерзімдерін Ұлттық Банк белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Банктер Ұлттық Банк белгілеген тәртіппен банктер ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей және жанама қатысуы жөнінде Ұлттық Банк сұратқан кез келген ақпаратты беруге міндетті.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұлттық Банктің қызметкерлері осы баптың 2 және 2-1-тармақтарында белгіленген құқықтарды іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария еткені не үшінші тұлғаларға бергені үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауапты болады.";

36) мынадай мазмұндағы 54-баппен толықтырылсын:

"54-1-бап. Банктің аффилиирлендірілген тұлғаларының есеп беруі

Банктің ірі қатысушысы өзінің қаржылық жағдайы мен қызметі туралы қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күннің ішінде Ұлттық Банкке жыл сайын мәліметтер беруге тиіс.

Банк холдингі Ұлттық Банкке есеп берілген тоқсаннан кейінгі қырық бес күн ішінде тоқсан сайынғы қаржылық есепті, қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күн ішінде аудитор куәландырмаған шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті, сондай-ақ:

банк холдингі қызметі түрінің немесе түрлерінің сипаттамасын;

банк холдингі қатысушысы болып табылатын әрбір ұйымның атауын, оның жарғылық капиталындағы қатысу мөлшері мен үлесін, қызметі түрінің немесе түрлерінің сипаттамасын, банк холдингі ірі қатысушы болып табылатын ұйымдардың қаржылық есебін;

банк холдингінің ірі қатысушысы болып табылатын әрбір ұйымның атауын, жарғылық капиталға оның қатысу мөлшері мен үлесін, осы ұйымның қызметі түрінің немесе түрлерінің сипаттамасын және қаржылық есебін қамтитын, бірақ бұлармен шектелмейтін түсіндірме жазбаларды ұсынуға тиіс.";

37) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Банктерге және олардың аффилиирлендірілген тұлғаларына аудит";

3 8) 5 7 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"57-бап. Банктерге және олардың аффилиирлендірілген тұлғаларына аудит";

1-тармақтағы "ақпаратты аудиторлық тексеруді" деген сөздер "ақпарат аудитін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу банктерге, банк холдингтеріне және банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдарға міндетті болып табылады, ол туралы есептің көшірмесі мен аудиторлық ұйымның ұсыныстарын осы құжаттарды алған күннен бастап немесе оларды банктерге, банк холдингтеріне және банк (немесе) банк холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдарға бергеннен кейін отыз күн ішінде банктер, банк холдингтері және банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдар немесе аудиторлық ұйымдар Ұлттық Банкке табыс етуге тиіс.

Банктің және банк холдингінің шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін банктерге аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйым куәландыруға тиіс."

2-тармақтағы "банк қызметіне аудиторлық тексеру" деген сөздер "банк аудитін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Банк қызметін аудиторлық тексеру" деген сөздер "Банктерге аудит" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "Тексеру нәтижелерін", "Байқаушы кеңес пен" деген сөздер тиісінше "Аудит нәтижелерін", "Директорлар кеңесі мен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудиторлық ұйымның (аудитордың) банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы қорытындысы жеке құжат түрінде ресімделеді және коммерциялық құпия болмайды."

5-тармақтағы "жүргізілген аудиторлық тексеру туралы" деген сөздер "жүргізілген аудит туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Банк, банк холдингі және банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйым аудиторлық ұйым аудиторлық ұйымның жүргізілген аудит туралы есебінде көрсетілетін банктің немесе банк тобының қаржылық жағдайына әсер ететін жолсыздықтарды банк, банк холдингі және банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйым аталған есепті алған күннен бастап үш ай ішінде жоймаған жағдайда, Ұлттық Банк жолсыздықтар жойылғанға дейін:

банкке қатысты - осы Заңның 47-бабының 2-тармағының ж) тармақшасында көзделген санкцияларды;

банк холдингіне, банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылары болып

табылатын ұйымға қатысты осы Заңның 47-1-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы;

осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде жолсыздықтарды жоймаған жағдайда Ұлттық Банк:

банкке қатысты - осы Заңның 48-бабының 1-тармағының о) тармақшасы негізінде банктің лицензиясын қайтарып алуға;

банк холдингіне қатысты осы Заңның 47-1-бабының 3-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.";

39) 58-баптың мәтініндегі "қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу құқығына" деген сөздер "қызметіне аудит жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 59 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"59-бап. Банк қызметіне аудиторлық ұйымның (аудитордың) аудит жүргізу жөніндегі есебін, қорытындысын жарамсыз деп тану. Банк қызметіне аудит жүргізуге берілген лицензияны қайтарып алу, тоқтата тұру үшін негіздер";

1 - тармақта:

г) тармақшасындағы "аудиторлық тексеру жүргізу құқығына" деген сөздер "аудит жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) тармақшасында "қызметін аудиторлық тексерудің" деген сөздер "қызметіне аудит жүргізудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармақта:

бірінші абзацтағы "Банкіге аудиторлық тексеру жүргізуге құқық беретін", "күшін жояды, тоқтатады" деген сөздер тиісінше "Банк аудитін жүргізуге", "қайтарып алады, тоқтата тұрады" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшасындағы "аудиторлық тексеру" деген сөздер "аудит" деген сөзбен ауыстырылсын;

в) тармақшасындағы "жүргізілген аудиторлық тексерудің" деген сөздер "жүргізілген аудиттің" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) және ж) тармақшаларында "аудиторлық тексеру жүргізуге" деген сөздер "аудит жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 65-баптың 2-тармағының в) тармақшасында "шарттардың күшін жоюға" деген сөздер "шарттарды бұзуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 67-баптың 3-тармағында "жоюға" деген сөз "қайтарып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 68 - бапта:

1-тармақтың в) тармақшасы алынып тасталсын;

2 - тармақта:

"банктердің қызметін тоқтату" деген сөздерден кейін ", оның ішінде банкроттық негіз бойынша тоқтату" деген сөздермен толықтырылсын;

44) мынадай мазмұндағы 68-1-баппен толықтырылсын:

"68-1-бап. Ерікті және еріксіз таратылатын банктер
кредиторларының комитеті

1. Кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың банктерді ерікті және еріксіз тарату рәсімдеріне қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар
к о м и т е т і к ұ р ы л а д ы .

Ерікті таратылатын банк кредиторлары комитетінің құрамын банктің тарату комиссиясының ұсынысы бойынша Ұлттық Банк бекітеді.

Еріксіз таратылатын банк кредиторлары комитетінің құрамын банкті тарату комиссиясы мен Ұлттық Банктің бірлескен ұсынысы бойынша сот бекітеді.

2. Кредиторлар комитетінің құрылу және қызметі ерекшеліктері Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

4 5) 6 9 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 4-1 тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Ерікті таратылатын банктің тарату комиссиясының қызметіне бақылауды
Ұ л т т ы қ Б а н к жүзеге асырады.";

7-тармақтағы "банкроттық туралы заңдарда көзделген тәртіппен" деген сөздер "банкроттық негіздер бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) 70-баптың б) тармақшасындағы "жоюға" деген сөз "қайтарып алуға" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

47) 72-баптың мәтініндегі "жою" және "жояды" деген сөздер "қайтарып алу" және "қайтарып алады" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 8) 7 3 б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Банктерді банкроттық негізде тарату осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.";

4-тармақта "тізілімін сот бекітеді" деген сөздер "тізілімін Ұлттық Банктің ұсынысы бойынша сот бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "сот бекітеді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "оны тағайындаған сот" деген сөздер "Ұлттық Банк" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Банктің тарату комиссиясын тағайындаған сот Ұлттық Банктен банктің тарату комиссиясының қызметіне байланысты кез келген ақпаратты сұратып алуға құқылы.";

7-тармақтағы "министрлігінің" деген сөз алып тасталсын;

4 9) 7 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Еріксіз таратылатын банктерді таратуды жүзеге асыру тәртібі және тарату

комиссиясының жұмысына қойылатын талаптар Ұлттық банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді." ;

2 - тармақ алып тасталсын ;
50) 74 - 2 бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"74-2-бап. Таратылатын банк кредиторларының талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі";

1-тармағында "Еріксіз" деген сөз алып тасталып, "таратылатын" деген сөз бас әріппен жазылсын ;

3 - тармақта :

в) тармақшасындағы "салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жөніндегі ұйымның талаптары" деген сөздер "ұйымның салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жөніндегі, еріксіз таратылатын банк ұсынған есепке сәйкес сома көлемінде өтем төлеу бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі алдағы талаптары, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылған депозиттер бойынша талаптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы г-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"г-1) бесінші кезекте сақтандыру ұйымдарымен олардың таратылатын банктің банктік шоттарындағы қаражаттары бойынша есеп айырысулар жүзеге асырылады";

д) тармақшасындағы "бесінші" деген сөз "алтыншы" деген сөзбен ауыстырылсын;

е) тармақшасында :

"алтыншы" деген сөз "жетінші" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер" деген сөздер "салық, алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілген кредиттерді қайтару бойынша міндетті төлемдер" деген сөздермен ауыстырылсын ;

ж) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ж) сегізінші кезекте заңды тұлғалардың таратылатын банктің банк шоттарындағы қаражаттары бойынша талаптары қанағаттандырылады";

з) тармақшасындағы "сегізінші" деген сөз "тоғызыншы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

и) тармақшасындағы "тоғызыншы" деген сөз "оныншы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Әр кезектің талабы өзінің алдындағы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін орындалады.

Кредитордың талаптары оның келісімімен заңға қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) мүлікті заттай беру арқылы

қанағаттандырылуы

мүмкін.

Бір кезектегі кредиторлардың талаптары қанағаттандырылған кезде таратылатын банктің ақшасы және (немесе) өзге де мүлкі осы кезектегі кредиторлардың арасында қанағаттандыруға тиісті талаптар сомасына бара-бар бөлінеді.";

51) 74-4-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"74-4-бап. Ұлттық банктің таратылу процесіндегі банктерден есеп және ақпарат алу құқығы"

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ерікті және еріксіз, оның ішінде банкроттық негізде таратылатын банктердің тарату комиссиялары Ұлттық Банкке атқарылған жұмыс туралы есеп, ал қажет болған жағдайда қосымша ақпарат беруге міндетті.

Тарату комиссиясы беретін есептер мен қосымша ақпараттың нысанын, мерзімін және кезеңділігін Ұлттық Банк белгілейді.";

3-тармағы алып тасталсын;

52) 74-5-баптың 2-тармағындағы "Банк қызметін не банк қызметіне аудиторлық тексеру" деген сөздер "Банк қызметі не банк қызметіне аудит" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 75-бапта:

1-тармақ "айрықша тәртіппен құрылған банктерге де" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ банктердің тікелей және жанама қатысушылары болып табылатын тұлғаларға да" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдардың бөлімшелері болып табылатын ұйымдар банк операцияларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда аталған ұйымдарды құру, қызметі, қызметін реттеу және тоқтату тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, оларды жүзеге асыруды үшінші тұлғаларға беру құқығынсыз, тек қана мемлекеттік бюджетке қатысты және соның қаражаттары есебінен жүзеге асыруға құқылы."

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916-құжат):

3-баптың 4-тармағындағы "қатынастарды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен реттелетін, мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын жүзеге асыру жөніндегі өзге де құқықтық қатынастарын" деген сөздермен толықтырылсын.

8. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат):

1) 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

үшінші бөлігіндегі "Банктерге," деген сөз алып тасталып, "сақтандыру" деген сөз
б а с ә р і п п е н ж а з ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сот банкті банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда, оны тарату банк
заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 36-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "не банктер банкрот болған жағдайда,
құрамында төраға және комиссия мүшелері бар тарату комиссиясын тағайындау
туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 67-баптың 4) тармақшасы "не банктер банкрот болған жағдайда, құрамында
төраға және комиссия мүшелері бар тарату комиссиясын тағайындайды" деген
сөздермен толықтырылсын.

9. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу
туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 53-құжат, N 13-14, 205-құжат;
1998 ж., N 17-18, 224-құжат):

1) 3 - б а п т ы ң 4 - т а р м а ғ ы н д а :

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Заң актілерінде көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
талап етуімен оның бақылау және қадағалау қызметін іске асыру мақсатында акцияның
нақтылы ұстаушысы өзі белгілі бір күнге дейін акцияның нақтылы ұстаушысы болып
табылатын барлық тіркелген акция ұстаушылардың тізімін беруге міндетті.";

екінші бөлік үшінші бөлік болып есептелсін;

үшінші бөлік "немесе орталық депозитарийге" деген сөздерден кейін "сондай-ақ
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9 - б а п т а :

1-тармағы мынадай мазмұндағы ж) тармақшасымен толықтырылсын:

"ж) банк қызметі туралы заң актілеріне сәйкес банктің дауыс беруші акцияларымен
жасалатын барлық мәмілелер жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
х а б а р л а у . " ;

2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Заң актілерінде көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
талап етуімен оның бақылау және қадағалау қызметін іске асыру мақсатында, тіркеуші
акция меншігі иелерінің тізімін жасайды және талап етілгеннен кейін жиырма күн
ішінде оны Ұлттық Банкке жібереді.";

3) 14-баптың 4-тармағының в) тармақшасы "клиенттің" деген сөздің алдынан ", Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 17-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінің б) тармақшасы "клиенттің" деген сөздің алдынан ", Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 28-баптың 3-тармағы "уәкілетті органға" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік органдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

10. "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931 - құжат):

3-баптың 7-тармағы "коммерциялық ұйымдар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын.

11. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309 - құжат):

18-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "міндетті" деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне оның сұратуы бойынша банк қызметіне аудит жүргізу нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтар туралы хабарлауға міндетті."

12. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат):

140-баптың 9) тармақшасындағы "шығарылады" деген сөз алып тасталып, бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) егер кепіл беруші-борышкерге кепілге салынған затынан өндіріп алу туралы ломбардтың талабы мәлімдеген болса, шығарылады."

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарғылық капиталы шетел валютасымен төленген банктер осы Заң жарияланған күнінен бастап бір жыл ішінде өзінің жарғылық капиталын осы Заңның талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК